

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлердің үлгілік еңбек нормасы мен нормативін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 625 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 желтоқсанда № 17852 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 28.08.2024 № 942 бұйрығымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 101-бабының 7-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.08.2024 № 942 бұйрығымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлердің үлгілік еңбек нормасы мен нормативі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.08.2024 № 942 бұйрығымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскерлерді пәтерлерге орналастыру бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зан департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Т.Ж. Жанжұменовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Корғаныс министрі

H. Ермекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

М. Әбілқасымова

2018 жылғы" \_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасы  
Корғаныс министрінің  
2018 жылғы 25 қыркүйектегі  
№ 625 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлердің үлгілік еңбек нормасы мен нормативі**

**ЕскеRTу. Нормаларының тақырыбы жаңа редакцияда - КР Корғаныс министрінің 28.08.2024 № 942 бұйрығымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## 1-тарау. Жалпы бөлім

1. Осы Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлерінің еңбек нормалары (бұдан әрі - Еңбек нормалары) Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігі инфрақұрылымының коммуналдық объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына қызмет көрсетумен айналысатын жұмыскерлердің (бұдан әрі - Жұмыскерлер) еңбегін нормалау, қажетті нормативтік санды, уақыт нормаларын айқындау және негіздеуүшін арналған.

2. Еңбек нормалары 40 сағаттық жұмыс аптасы кезінде жұмыс уақытының жылдық нормасы ішінде бір жұмыскер орындағытын жұмыс ауқымында белгіленген және жұмыс уақытын анағұрлым толық және ұтымды пайдалануды ескере отырып әзірленді.

3. Жұмыскерлердің Еңбек нормалары мынадай құжаттар:

1) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1036 бүйрығымен бекітілген Жұмыс берушінің еңбек нормаларын, еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді, қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай және (немесе) салааралық үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлеу, бекіту, ауыстыру және қайта қарау қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12736 болып тіркелген);

3) жұмыстарды орындаудың және жұмыскерлердің енбегін ұйымдастырудың ұйымдық-технологиялық шарттарын зерделеу материалдары;

4) еңбек технологиясының, тәсілдері мен әдістерінің, жұмыс орындарына қызмет көрсету жүйелерінің, еңбек және демалу режимдерінің ұтымды нұсқасын таңдау;

5) санға ықпал ететін факторлардың сандық мәндері;

6) хранометраждық қадағалаулар, инфрақұрылым объектілері, автомобиль және арнайы техника жөніндегі деректер;

7) жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтары негізінде әзірленді.

#### 4. Осы Еңбек нормалары:

1) дайындау-қорытындылау жұмысына, демалуға, жеке қажеттіліктеге және жұмыс орнына қызмет көрсетуге жұмсалатын уақытты;

2) жұмыстардың әрбір түрін жұмыс уақытының пайдалы қорын ескере отырып, жұмыскерлер санын белгілейді.

5. Жұмыскерлердің келу саны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Сан}_{\phi_i} = \frac{E_{\text{н}}}{K_{\text{п}}},$$

Мұнда

$E_{\text{н}}$  - мынадай формула бойынша айқындалатын сағаттардағы жұмыстың орташа жылдық еңбек сыйымдылығы:

$$E_{\text{н}} = \sum_{i=1}^k \text{Нуак}_i \times V_i$$

Мұнда

$\text{Нуак}_i$  - нақты нормаланатын жұмыс түрін орындауға жұмсалатын уақыт, сағ.;

$V_i$  - бір жылда орындалатын нақты жұмыс түрінің ауқымы;

$i=1, \dots, k$  - тиісті жұмыс түрі;

$k$  - функция бойынша жұмыскерлер жұмыстарының жалпы саны.

$K_{\Pi}$  - бір жұмыскердің бір жылдағы жұмыс уақытының пайдалы қоры, сағ.

6. Жұмыскерлердің тізімдік саны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Сан}_{\text{тіз.}} = \text{Сан}_{\text{келт.}} \times \text{Сан}_{\text{ауыст.}}$$

Мұнда

$K_{\text{ауыст.}}$  - жұмыскерлердің демалыс, сырқаттанған уақыттағы және тағы да басқа жағдайларда жоспарланған жұмысқа шықпаудың ескеретін коэффициент, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{ауыст.}} = \frac{\% \text{ жоспарланған жұмысқа шықпау}}{100}$$

Мұнда жоспарланған жұмысқа шықпау %-ы бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалады.

7. Жұмысшылар кәсіптерінің және басшылар, мамандар, басқа да қызметшілер лауазымдарының атаулары Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес келеді.

8. Көрсеткіштердің (факторлардың) мәні есепті жылдың басында қалыптасқан олардың нақты мәндері бойынша айқындалады.

"Дейін" деп көрсетілген осы Еңбек нормалары қолдану кезінде пайдаланылатын сандық көрсеткіштер шектерін "қоса алғанда" деп түсіну қажет.

9. Егер нақты сан осы Еңбек нормаларында көзделгеннен аз болса, бұл ретте еңбек заңнамасында белгіленген шекте еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қағидаларының, белгіленген технологияның сақталуы және жұмыстардың жоғары сапасы қамтамасыз етілсе, онда осы Еңбек нормалары нақты санды арттыру үшін негіз болып табылмайды.

## 2-тарау. Еңбекті ұйымдастыру

10. Жұмыскерлердің қызметі еңбек заңнамасымен, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына және Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына сәйкес әзірленетін функционалдық нұсқаулықтармен, құрылымдық бөлімшелердің жарғысымен регламенттеледі.

11. Жұмыскерлердің өндірістік қызметі негізгі қызметті қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен жабдықты пайдалана отырып жүзеге асырылады.

12. Жұмыс орындарында еңбекті ұйымдастыру еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жағдайларына сәйкес болуға тиіс. Еңбектің техникалық шарттарын ұйымдастыру кешені қолданыстағы санитариялық-гигиеналық нормалар мен стандарттарға, өнеркәсіптік кәуіпсіздікке, өнеркәсіптік санитария мен гигиена қағидаларына сәйкес қалыпты жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

13. Орындаушылар арасында жұмыстарды бөлу кезінде олардың біліктілігі мен тәжірибесі ескерілуі керек, ол жұмыскерлердің қажетті дағдыларды меңгеруіне және тапсырмаларды орындаудың тездетуге ықпал етуге тиіс.

14. Жұмыскерлер өз қызметінде қызмет көрсету саласындағы заңнаманы басшылыққа алады.

15. Жұмыскерлер белгіленген күн тәртібіне және барлық міндетті жұмыстарды регламенттеуге сүйене отырып, еңбек және демалыс режимін сақтауға тиіс.

### **3-тaraу. Нормативтік бөлім**

16. "Өткізу режимі жұмысын ұйымдастыру" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі.

Жұмыстың мәні:

әкімшілік өкілімен немесе аудиосистема мен күзетшімен бірлесіп, күзетілетін обьектінің тұтастығын (құлыш және басқа бекіту құрылғыларын, пломбылардың, өртке қарсы құралдың, дабылдаманың, телефондардың, жарықтың бар болуын) тексеру;

объектінің күзетке қабылдауға мүмкіндік бермейтін ақаулық анықталған кезде (бұзылған есіктер, терезе, құлыш, пломбалар мен мөрлердің болмауы және басқа), бұл туралы ол өзі бағынатын адамға, әкімшілік өкіліне және бөлім бойынша кезекшіге баяндау;

полиция өкілдері келгенге дейін қылмыстың ізін күзетуді жүзеге асыру;

объектіде өрт шыққан кезде дабыл қағу, өрт сөндіру командасын және бөлім бойынша кезекшіні хабардар ету, өртті сөндіру жөнінде шаралар қабылдау;

ұйымның өткізетін орнында кезекшілік;

жұмыскерлерді, келушілерді, автокөлікті ұйымның аумағына және кері қарай олар көрсеткен тиісті құжаттар бойынша өткізуді жүзеге асыру;

ілеспе құжаттарды жүктің нақты бар болуын салыстырып тексеру;

қақпаларды ашу және жабу;

журналға тиісті жазба жасаумен кезекшілікті қабылдауды және тапсыруды жүргізу; өтетін жердегі үй-жайды тиісті санитариялық жай-күйде ұстau.

Орындаушы - күзетші.

Күзетшілер санының нормативтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1002 бұйрығымен

бекітілген Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтеріне (бұдан әрі - Салааралық нормативтер) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12670 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

Бұл ретте күзетшілер саны бекеттердің орналасу орындарын және олардың жұмыс істеу режимін белгілеумен мекемелер комиссиясының бекітілген актісіне сүйене отырып есеппен айқындалады.

Мамандандырылған күзет құрылымдарын тарту кезінде осы тармақ бойынша нормативтік сан есептелмейді.

17. "Шаруашылық қызметті ұйымдастыру" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі.

Жұмыстың мәні:

шаруашылық жұмыскерлерінің жұмысына басшылық жасауды жүзеге асыру;

жылыту маусымы басталар алдында және аяқталғаннан кейін тиісті құжаттаманы (қарап тексеру актілерін, ақаулық актілерін, есептен шығару актілерін) дайындаумен, инженерлік желілерді, коммуналдық объектілерді қарап тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

қажетті шаруашылық құралмен, құрал-саймандармен және олардың толтырылуын қамтамасыз ету;

шаруашылық бойынша жұмыстар жоспарын және кестесін басшылықпен келісу;

басшылықтың бекітуі үшін шығыс материалдарын, қосалқы бөлшектерді, құрал-саймандарды және жабдықты есептен шығару және ауыстыру үшін құжаттама дайындау;

шаруашылыққа түгендеу жүргізуге қатысу;

жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қағидаларын, өндірістік санитарияны және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауын қамтамасыз ету.

Орындаушы - шаруашылық бастығы.

Шаруашылық (жылу шаруашылығы, электр шаруашылығы, желдету шаруашылығы, газ шаруашылығы, су құбыры-кәріз шаруашылығы, көлік шаруашылығы) бастықтары санының нормативі бір шаруашылыққа бір бірлік есебінен айқындалады.

18. "Қызметтік үй-жайларды тазалау" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі.

Жұмыстың мәні:

үй-жайларды, дәліздерді, баспалдақтарды тазалау;

жиһаздың, кілем бұйымдарының шаңын сұрту, қабырғаларды, едендерді, терезелерді машиналардың немесе айла-бұйымдардың көмегімен сыптыру және қолмен жуу;

қоқыстарды және қалдықтарды белгіленген орынға жинау және тасымалдау;

дүш, гардероб және басқа да ортақ пайдаланылатын орындарды тазалау және заарсыздандыру;

жуу және заарсыздандыру ерітінділерін дайындау;

жуу құралдарын, құралдарды және сұрту материалдарын алу;

тазалайтынүй-жайларда санитария және гигиена қағидаларын сақтау.

Орындаушы- үй-жайларды тазалаушы.

Үй-жайларды тазалаушылар санының нормативі Салааралық нормативтерге сәйкес ақындалады.

19. "Аумақты тазалау" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі.

Жұмыстың мәні:

жолдардың жүру бөлігін және көшелер тротуарларын сыйыру, оларды қардан және мұздан тазалау, құм себу;

су ағызы үшін арықтар мен науаларды қазу және тазарту;

өрт сөндіру құдықтарына еркін келу үшін оларды қардан және мұздан тазарту;

төсеген жолдарды, тротуарларды, жас көшеттерді, клумбалар мен газондарды суару;

көшедегі урналарды кезең-кезеңімен жуу және заарсыздандыру, оларды қоқыстардан тазарту;

қызмет көрсетілетін аумақтың санитариялық жай-күйін қадафалау.

Орындаушы - аумақты тазалаушы (аула сыйырушы).

Аумақты жинаушылар (аула сыйырушылар) санының нормативі Салааралық нормативтерге сәйкес айқындалады.

20. "Әуеайлақтардың жасанды, топырақ төсемлеріне қызмет көрсету және күтіп ұстай" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі.

1) жұмыстың мәні:

асфальт-бетонды төсемдерді ерітіндімен жөндеу (шұңқырларды жөндеу);

асфальт-бетонды төсемдердегі жарықтар мен ашық жерлерді бітеу;

ақаулары бар монолитті темір-бетоннан жасалған бөлек плиталарды ауыстыру;

төсемдердің соғылған плиталарын олардың астындағы негізді түзетіп құрастырылған темір-бетонды қайта салу;

цемент-бетонды төсемдердегі деформацияланған жіктерді оларды бұзылып толып қалғаннан тазартып жөндеу;

жасанды әуеайлақ төсемдерін таңбалау;

ұшу алаңын шаңнан және балшықтан тазарту;

төсемдерді қардан қолмен тазарту;

тегіс алаңдарда шөпті қолмен шабу.

Орындаушы - әуеайлақ жұмысшысы, әуеайлақ жұмысшылары санының нормативі осы Еңбек нормаларына 1-қосымшада келтірілген;

2) жұмыстың мәні:

әуеайлақ жұмысшыларымен қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқа беруді өткізу;

ақаулар актілерін және жұмыстар ведомостарын жасай отырып, әуеайлақ төсемдеріне техникалық қарап тексерулер жүргізу;

әуеайлақ төсемдерін ағымдағы жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстар сапасын тексеру;

ағымдағы жөндеуге арналған құрылыш материалдарына өтінімдер жасау;

әуеайлақты күтіп ұстай және жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде материалдық-техникалық ресурстарды бөлу және есепке алу;

орындалған жұмыстар актілерін жасау.

Орындаушы - техник (ұшу алаңын пайдалану жөніндегі), техниктер (ұшу алаңын пайдалану жөніндегі) санының нормативі осы Еңбек нормаларына 2-қосымшада келтірілген.

21. "Жол төсемдеріне қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 3-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

барынша аз шығындар кезінде(материалдық, еңбек) бөлімшениң жоғары сапалы жол құрылышына бағытталған қызметін ұйымдастыру, жоспарлау және үйлестіру;

автомобиль жолының бекітіліп берілген участкесінің жол құрылышын оларға қойылатын талаптарға сәйкес құрылыш материалдарымен қамтамасыз ету.

Орындаушылар - жол шебері;

2) жұмыстың мәні:

жол негіздері мен төсемдерін салу және жөндеу кезінде жол-құрылыш материалдарын бөлу;

жер қазатын машиналардан кейін астауды қолмен тазарту;

рельс-формаларды жамау;

негіздерді, төсемдер мен бордюрлерді қолмен бөлшектеу;

шым төсеу және жөндеу;

тасымалданатын електерде құмды, қырышықтасты және ұсақтасты қолмен елеу.

Орындаушы - жол жұмысшысы.

Жол төсемдеріне қызмет көрсетумен және ағымдағы жөндеумен айналысатын жол жұмысшылары санының нормативі төсем түрлері бойынша участкениң ұзақтығына, жол төсемдеріне қызмет көрсету нормативтеріне (1 жол жұмысшысына 1 км) сүйене отырып айқындалады.

22. "Техникалық күзет құралдарына қызмет көрсету және жөндеу" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 4-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

хабарламаларды тарату жүйелерін және дабылдама аспаптарын техникалық пайдалану жөніндегі жұмыстарды жоспарлау;

хабарламаларды тарату жүйелерінің, дабылдама аспаптарының техникалық пайдалану жай-күйіне бақылау жүргізу;

техникалық күзет құралдарының ақаулықтары мен жалған іске қосылуы объектілерді күзетке алмау себептерін анықтау және анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

бекітіліп берілген объектілерде техникалық күзет құралдарының техникалық жай-күйін тексеру.

Орындаушы - топ бастығы;

2) жұмыстың мәні:

электрмонтерлердің техникалық күзет құралдарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру;

техникалық күзет құралдары кешендеріне техникалық қызмет көрсету регламенттерін орындаудың жоспар-кестелерін жасау;

күзетілетін және күзетуге қабылдануға жататын объектілерді техникалық күзет құралдарымен жабдықтау жөніндегі монтаждау жұмыстарының орындалуына техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

ұйым балансындағы шығыс материалдарын, қосалқы бөлшектерді, құралдар мен техникалық күзет құралдарын есептен шығару үшін құжаттама дайындау.

Орындаушы- топ инженері;

3) жұмыстың мәні:

қызметтік және қосалқы үй-жайлардағы (баспалдақ торлары, вестибюльдер, жертөлелер, шатырлар асты) электр жабдығын жөндеу;

тарату қалқандарын және іске қосу-тарату құрылғыларын жөндеу;

шамдарды жөндеу және ауыстыру;

автоматтарды, пакеттік ауыстырып қосқыштарды, қорғау-ажыратуқондырығыларын (ҚАҚ), ажыратқыштарды ауыстыру;

электр сымының жекелеген жерлеріна ауыстыру;

жертөлелерде, техникалық едендер астында, техникалық дәліздерде жарылуға қауіпсіз орындауда жарықты қалпына келтіру;

жарық үй белгілерін және көшедегі сілтегіштерді пайдалану.

Орындаушы - электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;

4) жұмыстың мәні:

автоматтандырылған бақылау-өлшеу және басқа да аспаптар мен механизмдерді жөндеу, жинау, теңшеу, сынау, дәлдеу, монтаждау, дұрыстау және тапсыру;

релейлік қорғау, электрвтоматика, телемеханика құрылғыларын теңшеу және дұрыстау;

аппаратура жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

барлық бақылау-өлшеу аспаптарының, автореттегіштер мен қоректендіру автоматтарының түрлеріндегілдік сыныптары бойынша реттеу және тексеру.

Орындаушы - бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарь;

5) жұмыстың мәні:

тарату пункттерін, тарату желілерінің электр тарату әуе және кабель желілерін қарап тексеру;

электр тарату жабдығынжәне желілерді жөндеуді орындау;

ақауларды жою, жабдыққа майды толтырып қую;

түйіспелерді тарту және тазарту, ақаулы сақтандырғыштарды ауыстыру, майкөрсету шыныларын жөндеу;

жаңа тарату пункттерінің (бұдан әрі - ТП), трансформаторлық қосалқы станциялардың (бұдан әрі - ТКС), электр тарату әуе және кабель желілерінің құрылышы кезінде электр қондырғыларын орнату қағидаларының сақталуын қадағалау.

Орындаушы - тарату желілерін пайдалану жөніндегі электрмонтер.

23. "Фимараттарды, құрылыштар мен жабдықты ағымдағы жөндеу" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 5-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

учаскенің өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыру;

объектілерді белгіленген мерзімдерде пайдалануға беру және жұмыс өндірісінің жобаларын сақтай отырып, барлық сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша құрылыш-монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын орындауды қамтамасыз ету;

жобалау құжаттамасына, құрылыш нормалары мен қағидаларына, техникалық шарттар менбасқа да нормативтік құжаттарға сәйкес құрылыш-монтаждау жұмыстарының өндірісін ұйымдастыру;

учаскеде құрылыш-монтаждау жұмыстары өндірісінің технологиялық жүйелілігін сақтауды қамтамасыз ету.

Орындаушы- жұмыстарды жүргізуші;

2) жұмыстың мәні:

учаскенің өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру ауқымы, сапасы, берілген номенклатурасы (ассортименті) бойынша өндірістік тапсырмалардың белгіленген мерзімдерде орындауды қамтамасыз ету;

еңбек өнімділігін арттыру, жабдықты ұтымды жүктеу және оның техникалық мүмкіндіктерін пайдалану негізінде өнімнің еңбек сыйымдылығын төмендету, жабдықтың жұмыс ауысымының коэффициентін арттыру, шикізатты, материалдарды, отынды, энергияны үнемді жұмсау және олардың шығындарын төмендету;

учаскені реконструкциялау, технологиялық жабдықты жөндеу, өндірістік процестерді және қол жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру жөніндегі аяқталған жұмыстарды қабылдауға қатысу;

жұмысшыларға өндірістік нұсқау беруді жүзеге асыру, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария, жабдық пен құралдарды техникалық пайдалану қағидаларын жеткізу жөніндегі іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ олардың сақталуын бақылау.

Орындаушы - шебер;

3) жұмыстың мәні:

суағызатын науларды, қалпақтарды, түтін және желдеткіш құбырларына шатырларды әзірлеу және орнату;

еністерді, қосындылар мен тоғыспаларды, оның ішінде орамдық жабын болған кезде жабындық табақ болатпен қаптау;

шатыр жабынының параптарын ішінара ауыстыру;

жабындық табақ болаттыашу, тазарту және олифамен майлау;

табақтарды кесу;

қатар жабын суреттерін дайындау;

табақ болаттан жасалған тәбе жабындарын бөлшектеу;

дефлекторлардайындау және орнату.

Орындаушы - металл тәбе жабындары жөніндегі жабын төсеуші;

4) жұмыстың мәні:

орамдық материалдарды құмнан тазарту;

екі жақты рубероидты және астарсыз орамдық материалдарды қайта орау;

негіздерді қолмен жапсырып бояу;

орамдық кілемін катокпен таптау;

орамдық және жеке материалдарын кесу;

табақтар мен плиткалардың жиектерін кесу;

санылаулар жасау;

табақтарды, плиткалармен жабынқыштарды сұрыптау;

түйіспелер мен жіктерді сылау үшін ерітінді дайындау;

жабынқыштар арасындағы жіктерді ерітіндімен бітеу және майлау;

жеке және орамдық материалдардан жасалған тәбе жабынын бөлшектеу;

талшықтас-цемент, шифер және жабынқыш тәбе жабынының жеке табақтарын ауыстыру;

ішкі суағарларды жөндеу;

тәбені қардан және мұз қабыршағынан, қоқыстардан, балшықтан, жапырактар мен бөгде заттардан тазарту;

су агатын, жерлерді оқшаулау, ұйымдастырылған тәбе жабынан су ағу жүйелерінің ақауларын жою.

Орындаушы - орамдық жабындар бойынша және жеке материалдардан жасалған тәбе жабыны бойынша жабын төсеуші;

5) жұмыстың мәні:

ағаш аралықтарды орнату;  
қабырғалар мен төбелерді сылақпен, қаптамамен қаптау;  
тұрғын және өнеркәсіптік ғимараттардың ағаш бөлшектерден элементтері мен конструкцияларын құрастыру және монтаждау;  
ағаш негіздер мен орындықтарды орнату және ауыстыру;  
қанқа қабырғаларды орнату;  
қабырғалар мен төбелерді таза қаптау;  
жеке тақтайлардан жоғары тақтай жабындарын (таза едендерді) орнату, қайта төсөу және біріктіру;  
түйіскен жерлерді бітеумен бөренелерден, желімделген қалқандардан, ағашталшықты плиталардан, дөңбекпен өрнектеп төсемдерден, ағаш жонқа плиталардан едендер салу;  
терезе және есік қораптарын, балкон блоктары мен терезе алды тақтайларын орнату

Орындаушы - балташы;  
6) жұмыстың мәні:  
жалпы құрылыш жұмыстарын жүргізу кезінде ұсталық жұмыстарды орындау;  
бөлшектерді дайындау және олардан барлық типтегі түзу сзықты ұлгідегі есік жармасы мен терезе жақтауын жинау;  
артқы қабырғаларды орнату;  
қылқан жапырақты түрлерінен фанералар мен ағаштарды жапсыру;  
фанера аспаларын қолмен кесу;  
бөлшектерді салып жапсыру, қапталмаған кәдімгі кескіндегі ағаш бөлшектерін қолмен тазарту.

Орындаушы - ағаш ұстасы;  
7) жұмыстың мәні:  
ұстіңгі беттерді жабу және сылағын жөндеу;  
ұстіңгі беттерді тұтас тегістеу;  
тік қабырғалардың, төбелердің, тегіс бағандардың, пилястралардың, құлама қуыстардың, қалыпты қылған арқалықтардың тік бетінің жабындарын қолмен сылақ жағумен жақсарту және жақсартылған сылақпен жөндеу;  
еңістерді, тығындар мен құймаларды сылау;  
бұрыштарын өндеу мен падугаларды тартып шығару;  
жоғары сапалы бояумен құмсыз жамылғыны орнату;  
төбе жабыны астына және еденге цемент-құм тартуды орнату;  
жиналмалы темір-бетон ара жабындарының плитары, қабырға панельдері арасындағы жіктерді өндеу;  
ішкі тік бұрыштар мен сыртқы тік бұрыштарды өндеу.  
Орындаушы - сылақшы;

**8) жұмыстың мәні:**

жоғары сапалы өндөуді қажет ететін үстіңгі беттерді бояу, бірнеше түске тегістеу және бояумен лакты астарлап жаққаннан кейін оларды қол құрал-саймандарымен тегістеу, астарлау, олифа жағу және жылтырату;

әртүрлі ағаш, мәрмәр және тас түрлерінің үстіңгі беттерін қарапайым сурет салуға бөлу;

үстіңгі бетті бүркеумен өндөу;

үстіңгі беттерді таттануды тежегіштермен өндөу;

бүріккішке ауа мен бояудың берілуін реттеу;

бұйымдарға битум негізіндегі нитролактар және лактар жағу;

өндөуге жоғары талаптар қойылмайтын кемелердің ауыспалы ватер желілерінің орналасқан орындарына лак-бояу жағу;

құрделі емес трафареттер жасау;

берілген ұлгілер бойынша колер таңдау;

сырлау жұмыстарын жүргізуде қолданылатын тетіктер мен керек-жарақтарын жөндеу.

Орындаушы - сырлаушы;

**9) жұмыстың мәні:**

бар ғимараттардың кірпіш және шай тасты іргетастардың жекелеген участеклерін жөндеу және ауыстыру;

кірпіштен және ұсақ блоктардан орташа құрделі қабырғаларды қалау және қалау барысында жіктерді келтіре отырып салу;

тас ғимараттарда темір-бетон арқалықтарды, аражабын плиталарын, аралық қабырғаларды, баспалдақ сатыларын, аландарды, балкон плиталарын, сатыларды монтаждау;

терезе және есік, балкон қораптары мен блоктарын, терезеалды тақтайлары мен плиталарын орнату;

кірпіштен, гипсолитті және басқа да плиталардан аралық қабырғалар салу;

бұрын салынған қалау жіктерін келтіре отырып салу;

қалауға болат элементтер мен бөлшектерді салу;

шой тастан қабырғалар мен іргетасты қалақшамен қалау;

қалыпты құма құдықтарды және тікбұрышты құма коллекторларды қалау;

барлық түрдегі кірпіш тоғыспаларын бөлшектеу;

қоқыс құбырына арналған асбест-цемент құбырларын монтаждау.

Орындаушы - тас қалаушы;

**10) жұмыстың мәні:**

болат женіл салмақты және ауыр темірді оттегімен қолмен кесу және бензинмен кесетін және керосинмен кесетін аппараттармен кесу;

барлық кеңістік жағдайларында бөлшектерді, бұйымдарды, конструкцияларды бекіту;

қарапайым бөлшектерді балқытып құю;

қарапайым бөлшектерде, тораптарда, қоймаларда қаяулар мен жарықшақтарды жою

;

түзету кезінде конструкциялар мен бөлшектерді жылтыу.

Орындаушы - электр-газбен дәнекерлеушісі;

11) жұмыстың мәні:

өндірістік участкерлер мен құрылыш алаңдарында, қоймаларда, базаларда, сақтау орындарында және оған ұқсас жерлерде көмекші және қосалқы жұмыстарды орындау;

сақтықты қажет етпейтін жүктөрді (орамдық материалдарды, бумадағы паркетті, жәшіктерді, күбілерді, картонды, қағаздарды, фанераларды, кесілген ағаш дайындаударды), сондай-ақ сусымалы шаңдатпайтын материалдарды (құмды, қиыршиқтасты, шағылтасты, қожыртасты көмірді, қоқысты, ағаш жонқасын, металл жонқасын және өзге өндіріс қалдықтарын) қолмен немесе арбаларда (вагонеткаларда) тиеу, түсіру, орнын ауыстыру және қалап жинау;

аумақтарды, жолдарды, кіреберіс жолдарды тазарту;

цехтарды, құрылыш алаңдары мен санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды жинау.

Орындаушы - көмекші жұмысшы.

24. "Авариялық-жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 6-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

объектілерде авариялық жағдайларды уақтылы жою;

ұйымның жабдықтарын, ғимараттары мен құрылыштарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша цехтің өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыру;

цехтің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету және белгіленген мерзімдерде жөндеу тапсырмаларын орындау;

жөндеу жұмыстарын жүргізуі және жабдықтарды сынауды бақылау;

өндірістік жөндеу қызметі туралы есеп беру құжаттамасын және есепті жүргізу;

жұмыс орындарын аттестаттау және оңтайландыру, еңбекті нормалауды жақсарту, еңбек ақы төлеу нысандары мен жүйелерін дұрыс қолдану және материалдық ынталандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

Орындаушы - шебер;

2) жұмыстың мәні:

телефон бойынша өтінімдерді қабылдау және тіркеу, олардың себептері мен сипатын анықтау;

бригадаларды авария болған жерге жіберу туралы мәселені жедел шешу;

аварияны жою барысын жедел бақылау және жұмыстардың орындалу барысының бұзылуын ескерту, сондай-ақ оларды туындаған себептердің алдын алу үшін желідегі жұмыс бригадаларымен байланысты жүзеге асыру.

Орындаушы - диспетчер;

3) жұмыстың мәні:

коммуникациялық коллекторларды қарап тексеру, олардың газбен ластануының болмауын тексеру және оларды желдету;

құрылыш конструкцияларын гидрооқшаулауды қалпына келтіру;

баспалдақтардың, аландардың, өтпелер мен олардың таяныштарының бекітпелерін тексеру, оларды жөндеу;

сорғыту жүйелерін қарау және тексеру;

барлық жұмыс түрлері бойынша коллекторлардың электр жарық беру жұмыстарын тексеру және ақаулықтарын жою.

Орындаушы - слесарь-жөндеуші;

4) жұмыстың мәні:

жылдыту маусымы басталар алдында ғимараттардың инженерлік жабдығын және коммуникацияларын қарап тексеру (зерттеу), сондай-ақ ақаулықтарды анықтау және оларды жою мақсатында авариялық зақымданулардан, өрттерден, зілзала сипатындағы құбылыстардан кейінгі қарап тексеруді жүргізу;

қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сумен жабдықтау жүйелерінде және көріздерде ақаулықтарды жою, төсемдерді ауыстыру, ағуды болдырмай су бөлөтін және су жинайтын арматуралардың тығыздамасын толтыру, жалғамаларды тығыздау;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша ақаулықтарды жою жөніндегі жұмыстарды орындау.

Орындаушы - авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесарі;

5) жұмыстың мәні:

маусымдық пайдалануға дайындық кезеңінде (көктем-жаз және күз-қыс кезеңдері) электр желілері мен электр жабдығын қарап тексеру (тексеру), сондай-ақ ақаулықтарды анықтау және оларды жою мақсатында авариялық зақымдаулардан, өрттерден, зілзала сипатындағы құбылыстардан кейін қарап тексеру;

қызметтік және қосалқы үй-жайлардың (баспалдақ торларының, вестибюльдердің, жертөлелердің, шатырастының) электр жабдығын жөндеу;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша ақаулықтарды жою.

Орындаушы - электр жабдығын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;

6) жұмыстың мәні:

дәнекерлеу жіктерінен ағуды анықтау мақсатында жылдыту маусымы басталар алдында ғимараттың инженерлік жабдығы мен коммуникацияларына жыл сайын қарап тексеруді жүргізу;

берілген көлемде бөлшектердің, тораптардың, конструкциялар мен құбыр желілерінің барлық орналасу кеңістігінде дәнекерлеу жіктерін дәнекерлеуді орындау;

ұзындығы екі метрге дейін орталық жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйелері құбыр желілерінің авариялық учаскелерін ауыстыру.

Орындаушы - электр-газбен дәнекерлеуші;

7) жұмыстың мәні:

көліктің авария болған жерге шығуға үдайы әзірлікте болуын қамтамасыз ету;

авария болған жерге келу;

базага қайтару немесе басқа авария болған жерге бару.

Орындаушы - жүргізуши.

25. "Электр желілерінің аудандары қызмет көрсетпейтін, басқа электрмен жабдықтау көздерінен қоректендірілетін электр шаруашылығы қызметін ұйымдастыру және қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 7-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

зертханалық жағдайларда және объектілерде жабдықпен жүйелерді дұрыстауды, теншеуді, реттеуді және тәжірибелік тексеруді жүзеге асыру, оның ақаусыз жай-күйін қадағалау;

эксперименттер мен сынауларды жүргізуге қатысу, аспаптарды іске қосу, қажетті сипаттамалар мен параметрлерді тіркеу және алынған нәтижелерге өндіреу жүргізу.

Орындаушы - техник;

2) жұмыстың мәні:

жоғары вольтты электрмашиналарымен әртүрлі типтегі аппараттарды бөлшектеу, күрделі жөндеу, жинау, орнату және центрлеу жөніндегі жұмыстарды орындау;

бірінші және екінші коммутациялау мен қашықтықтан басқарудың ерекше күрделі схемалары бар өндірістік учаскелерге қызмет көрсету;

технологиялық жабдықтың жауапты ерекше күрделі схемеларын, электр машиналары, аппараттар, аспаптар, автоматты желілерінің электр схемаларын дұрыстау, жөндеу және реттеу;

өлшегіш трансформаторлардың дәлдік сыныбын тексеру;

арнайы өндіреу құбыржолдарындағы кабель желілерін жөндеу, монтаждау және бөлшектеу, сондай-ақ жалғағыш муфталарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау.

Орындаушы - электр жабдығын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер.

26. "Жұмыс істейтін электр станцияларын ұйымдастыру және оларға қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 8-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

әскери бөлімдер мен коммуналдық құрылыштарға электр энергиясын үздіксіз беруді қамтамасыз ету;

электротехникалық жабдықты, аппаратура мен желілерді техникалық пайдалануды және уақтылы жөндеуді үйымдастыру;

жабдықтың 0,4 кВ әуе және кабель желілерінің, электр жарық беру аспаптарының авариясыз жұмысын қамтамасыз ету;

0,4 кВ электр желілеріндегі зақымдауларды жоюды қамтамасыз ету;

жөндеу персоналының жұмысын жоспарлау және үйымдастыру;

электр жабдығын, материалдарды, қосалқы бөлшектерді сатып алуға өтінімдермен қажетті есептер жасауды қамтамасыз ету;

өндірістік-шаруашылық қызметіне талдау жүргізу;

электр энергиясының, материалдардың, құрал-саймандар мен айла-бұйымның ұтымды жұмсалуын бақылау.

Орындаушы - электр станциясының бастығы;

2) жұмыстың мәні:

өндірістік жабдықтың, машиналардың, станоктар мен құрал-саймандардың ақаусыз жай-күйін ұдайы бақылау, ақаусыз қоршаулар мен сақтандырғыш құрылғылардың бар болуын, жұмыстық жеке қорғану құралдарының қолданылуын бақылау;

желдету құрылғыларының жұмысын және жұмыс орындарына қалыпты жарық беруді бақылау;

жұмысшылардың қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария жөніндегі қағидаларды, нормалар мен нұсқау берулерді орындаудын және олардың жұмыс тәсілдерін қолдануын қамтамасыз ету.

Орындаушы - шебер;

3) жұмыстың мәні:

барлық жүйелердің іштеген жану қозғалтқыштарына қызмет көрсету;

қозғалтқыштар мен олардың жекелеген тораптарының жұмысындағы ақаулықтарды анықтау және жою;

қозғалтқыштарды орташа және күрделі жөндеуге, сондай-ақ монтаждауға, бөлшектеуге және сынауға қатысу.

Орындаушы - іштеген жану қозғалтқышының машинисі;

4) жұмыстың мәні:

жоғары вольтты электрмашиналарын және әртүрлі типтегі аппараттарды бөлшектеу, күрделі жөндеу, жинау, орнату және центрлеу жөніндегі жұмыстарды орындау;

бірінші және екінші коммутация мен қашықтықтан басқарудың ерекше күрделі схемалары бар өндірістік учаскелерге қызмет көрсету;

технологиялық жабдықтың жауапты ерекше күрделі схемаларын, электр машиналары, аппараттар, аспаптар автоматты желілерінің электр схемаларын, дұрыстау, жөндеу және реттеу;

өлшегіш трансформаторлардың дәлдік сыйныбын тексеру;

арнайы өндіреу құбыржолдарындағы кабель желілерін жөндеу, монтаждау және бөлшектеу, сондай-ақ жалғағыш муфталарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау.

Орындаушы - электр жабдығын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;

5) жұмыстың мәні:

өндірістік участкенің жабдығын жөндеу;

жабдықтың мерзімінен бұрын тозу себептерін анықтау, олардың алдын алу және жою жөнінде шаралар қабылдау;

техникалық жабдықты жөндеу, станоктар тораптары мен механизмдеріне жөндеу жүргізу.

Орындаушы - слесарь-жөндеуші;

6) жұмыстың мәні:

болат жеңіл салмақты және ауыр металл сыйнығын қол оттегімен кесу және бензинді кескіш пен керосинді кескіш аппараттармен кесу;

барлық орналасу кеңістігінде бөлшектерді, бұйымдарды, конструкцияларды бекіту; карапайым бөлшектерді ерітіп дәнекерлеу;

карапайым бөлшектерде, тораптарда, құймаларда ойықтар мен жарықтарды жою; түзету кезінде конструкциялар менбөлшектерді жылтыу.

Орындаушы - электр-газбен дәнекерлеуші.

27. "Резервтегі электрстанцияларына қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 9-қосымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

зертханалық жағдайларда және объектілерде жабдық пен жүйелерді дұрыстауды, теншеуді, реттеуді және тәжірибелік тексеруді жүзеге асыру, оның ақаусыз жай-куйін бақылау;

эксперименттер мен сынауларды жүргізуге, аспаптарды іске қосуға қатысу;

қажетті сипаттамалар мен параметрлерді тіркеу, алынған нәтижелерге өндіреу жүргізу.

Орындаушы - техник.

28. "Электр желілерінің аудандары қызмет көрсететін электр шаруашылығы қызметін үйімдастыру" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 10-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

әскери бөлімдерде электр қондырғыларының, электр желілерінің, 0,4 кВ әуе және кабель желілерінің үздіксіз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету;

электр жабдығын, материалдарды, қосалқы бөлшектерді сатып алуға өтінімдер, қажетті есептер жасауға қатысу;

персоналдың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

техникалық құжаттаманың жүргізілуін бақылау;

оны тасымалдауға және шаруашылық мұқтаждарына электр энергиясының шығысын төмендетүжөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.

Орындаушы - бас инженер (немесе инженер);

2) жұмыстың мәні:

0,4-10 кВ әуе және кабель желілеріне қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

ТКС-ға, тарату құрылғылары мен тарату пункттеріне қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

электрмен үздіксіз жабдықтауды және оның қарамағындағы электр қондырғыларының жұмысын қамтамасыз ету;

электр қондырғыларына уақтылы қызмет көрсетуді, электр жабдығына, аппаратура мен желілерге профилактикалық сыйналар мен ағымдағы жөндеулер жүргізу.

Орындаушы - өндірістік участкенің шебері.

29. "Электр желілерінің аудандары қызмет көрсететін электр шаруашылығын жөндеу және қызметіне қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 11-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

электр станциясының электржабдығына қызмет көрсету және оның сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

релелік қорғаныстың, қашықтықтан басқарудың, дабылдамамен электрлік автоматиканың жай-күйін, турбогенераторлардың жұмыс режимін бақылау;

тарату құрылғыларындағы жедел ауыстырып қосулар;

генераторларды сутекті салқыннатудан ауаға ауыстыру және керісінше;

мегаомметрмен электр жабдығын оқшаулаудың жай-күйін тексеру, электр өлшегіш тістеуіктермен электр параметрлерін өлшеу.

Орындаушы - электр станциясының электр жабдығына қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;

2) жұмыстың мәні:

кернеуі 35-100 кВ электртарату желілерін, оқшаулау және найзагайдан қорғау құралдарын механикаландыру құралдарын қолдана отырып, жөндеу, монтаждау, бөлшектеу;

барлық кернеудегі электр тарату желілеріне техникалық қызмет көрсету;

тіректерді жерге түйістіру контурларының кедергісін өлшеу;

кернеумен және ажыратылған желіде биіктікте жұмыстарды орындау кезінде металл және темір-бетон тіректерінің, механизмдер мен қорғау құралдарының жай-күйін тексеру.

Орындаушы - әуе электр тарату желілерін жөндеу жөніндегі электрмонтер;

**3) жұмыстың мәні:**

бірінші және екінші коммутацияның ерекше күрделі схемалары бар өндірістік объектілерге қызмет көрсету;

күрделі қашықтықтан қорғауды реттеу;

қуат және жарық беретін қондырғыларға қызмет көрсету;

бақылау-өлшегіш аспаптар мен ведомстволық ТКС трансформаторларын ауыстыру;

оларды кернеуден толық ажыратумен кіші станцияларда жұмыстарды орындау, электр желілеріне жедел қосу, трансформаторларды, ауыстырып-қосқыштарды, ажыратқыштар мен оларға сымдарды тексеру.

Орындаушы - жедел-көшпелі бригаданың электрмонтер;

**4) жұмыстың мәні:**

кез келген кернеудегі кабель желілерін тексеру, жөндеу, монтаждау және бөлшектеу кезінде анағұрлым күрделі және жауапты жұмыстарды тікелей орындау;

арнайы конструкциядағы кабельдерде жұмыстарды орындау;

газ толтырылған және май толтырылған кабель желілеріне (қысымды өлшеу, майды толық құю) техникалық қызмет көрсету;

ерекше жауапты кабель желілерін және бірегей кабель аппаратурасын жөндеу.

Орындаушы - кабель желілерін жөндеу және монтаждау жөніндегі электрмонтер;

**5) жұмыстың мәні:**

ТП-ны, ТКС-ны, тарату желілерінің электр тарату өве және кабель желілерін қарап тексеру;

жабдықта және электр тарату желілеріне жөндеу жүргізу;

ақаулықтарды жою, жабдықта майды толық құю, түйіспелерді тарту және тазарту, ақаулы сақтандырғыштарды ауыстыру, май көрсететін шыныларды жөндеу.

Орындаушы - тарату желілерін пайдалану жөніндегі электрмонтер;

**6) жұмыстың мәні:**

кернеуі 220 кВ дейін электр жабдығына күрделі емес сынауларды орындау, жоғары кернеумен сынау, оқшаулау кедергісін өлшеу, жабық және ашық тарату құрылғыларын жерге түйістіру контурларының кедергісін өлшеу;

түйіспелердің ауыспалы кедергісін өлшеу;

өлшеу штангілерінің көмегімен ақаулы оқшаулағыштарды анықтау;

алып жүрілетін аспаптармен кернеуді және жуктемені өлшеу;

корғау құралдары мен айла-бұйымдарды электрлік сынау, сынау мен өлшеу кезінде қолданылатын аппаратураны жөндеу.

Орындаушы - сынау мен өлшеу жөніндегі электрмонтер;

**7) жұмыстың мәні:**

кернеуі 10 кВ дейінтарату құрылғыларының жабдығын, 35 кВ дейін ендірмелерді орамаларын ауыстыра отырып қуаттылығы 1000 кВ-А дейін, кернеуі 10 кВ дейін майлы және құрғақ қуат трансформаторларын бөлшектеу, жөндеу және жинау;

электр қозғалтқыштарының, электр аппараттары мен электр аспаптарының күрделі емес тораптары мен бөлшектерін бөлшектеу, жөндеу және жинау;

станциялар мен кіші станциялар тарату құрылғыларының жабдығын, трансформаторлар мен ендірмелерді жөндеу және техникалық қарап тексеру кезіндегі қосымша жұмыстар;

бөлшектерді 12-14 квалитет (5-7 дәлдік сыныптары) бойынша слесарьлық өндөу.

Орындаушы - тарату құрылғыларының жабдығын жөндеу жөніндегі электр слесарь;  
8) жұмыстың мәні:

кернеуі 1000 В дейін электр қондырғыларында электр есептегіштерін орнату және пайдаланып қызмет көрсету;

токпен кернеудің өлшегіш трансформаторлары арқылы қосылған тікелей нүктелі есептегіштер мен орындалатын энергияны есепке алусхемаларын үлгілік есептегіш бойынша немесе зертханалық ваттметрлерді қолдана отырып тексеру;

өлшегіш трансформаторлардың, электр есептегіштерінің жарамдылығын айқындау және оларды ауыстыру.

Орындаушы - электр есептегіштерін пайдалану жөніндегі электрмонтер;

9) жұмыстың мәні:

қарапайым электрлік өлшеу құралдарының және тұрақты және ауыспалы ток аппаратурасының релесін, қарапайым реле және өлшеу құралдарының механикалық бөліктерін бөлшектеу және жинау;

релелік қорғау мен автоматиканың қарапайым аппаратурасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, стенділерге өлшеу құралдарын орнату және оларды тексеру үшін іске қосу.

Орындаушы - релелік қорғау және автоматика аппаратурасын жөндеу жөніндегі электрмонтер;

10) жұмыстың мәні:

қарапайым аппаратураны және екінші коммутация тізбектерін бөлшектеу және жинау;

аспалтар мен аппаратураның тораптары мен бөлшектерін жуу және тазалау, түйіспелер мен түйіспелі беттерді тазалау;

бөлшектерді таттануға қарсы майлау;

электр өлшегіш аспалтар мен аппаратураны тасымалдау үшін орау;

қарапайым диспетчерлік жабдық пен автоматика аппаратурасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

Орындаушы - екінші коммутацияны және байланысты жөндеу жөніндегі электрмонтер;

11) жұмыстың мәні:

кіші станциялардың жабдығын қарап тексеру;

кернеу, жүктеме, температура және басқа да параметрлер бойынша белгіленген режимді қамтамасыз ету;

кіші станциялардың тарату құрылғыларында режимдік жедел ауыстырып қосуды жүргізу;

авариялық жағдайларды жою;

қалқандарда және өз мүқтаждары үшін құрастыруда, коммутациялық аппараттардың жетектерінде, жабық және ашық тарату құрылғыларының екінші коммутация тізбектерінде ақаулықтарды жою бойынша ауқымы бойынша шағын және қысқа мерзімді жұмыстарды жүргізу;

аккумулятор батареяларының параметрлерін айқындау.

Орындаушы - кіші станцияға қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;

12) жұмыстың мәні:

жоғары вольтты электрмашиналарын және әртүрлі типтегі аппараттарды бөлшектеу, күрделі жөндеу, жинау, орнату және орталықтандыру жөніндегі жұмыстарды орындау;

бірінші және екінші коммутация мен қашықтықтан басқарудың ерекше күрделі схемалары бар өндірістік участкереге қызмет көрсету;

технологиялық жабдықтың жауапты ерекше күрделі схемаларын, электрмашиналары, аппараттар, аспаптар автоматты желілерінің электр схемаларын жөндеуді және реттеуді дұрыстау;

өлшегіш трансформаторлардың дәлдігі сыныбын тексеру;

арнайы өндеу құбыр жолдарында кабель желілерін жөндеу, монтаждау және бөлшектеу, сондай-ақ жалғағыш муфталарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау;

қызмет көрсету және дәнекерлеу жұмыстарын реттеу.

Орындаушы - электр жабдығын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;

13) жұмыстың мәні:

орамдар мен оқшаулауды жөндеу, сондай-ақ қуаттылығы 40 кВт дейін тұрақты және ауыспалы ток электр машиналарының орамдарын жартылай немесе толық қайта орау жөніндегі жұмыстарды орындау;

статорлардың, роторлар мен зәкірлердің секцияларын, орауыштары мен орамдарын бөлшектеу және реттеп салу;

ойықтар арқылы сымдарды тарту, бұрыштарды икемдеу, алдыңғы бөліктер орамдары мен олардың қосындыларын ауыстыруды және реттеп салуды орындау;

орамдар мен оқшаулаудың сіңуін және кептірілуін жүргізу;

орамдарды синауға дайындау;

механикалық және қол қайшыларда оқшаулауды дайындау.

Орындаушы - электр жабдығының орамдарын жөндеу және оқшаулау жөніндегі электрмонтер;

14) жұмыстың мәні:

бөлшектерді 12-14 квалитет (5-7 дәлдік сыйныбы) бойынша слесарлық өндөу;

бөлшектенген бөлшектерді тазалау, жуу және сурту, қарапайым металл және оқшаулау конструкцияларын жасау;

слесарлық құрал-сайманды, құрал-жабдықты, айла-бұйымдар мен материалдарды жұмыс орнына беру, жұмысқа дайындау және жинау;

қарапайым слесарлық құрал-сайман мен айла-бұйымдарды қолдана отырып, электрмашиналарының қарапайым бөлшектері мен тораптарын, аспаптар мен қосымша аппаратураны бөлшектеу, жөндеу және жинау.

Орындаушы - электрмашиналарын жөндеу жөніндегі электр слесарь.

Электр желілерінің аудандары мен өндірістік участкерлердің жұмысшылары санының нормативі бір жұмысшыға 105 шартты бірлік жүктемесі есебінен шартты бірліктерде жұмыстың нақты көлемі бойынша айқындалады.

30. "Жылжымалы (стационарлық) электрөлшегіш өндірістік зертханаларды (бұдан әрі - ЭӨЗ) ұйымдастыру және қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 12-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

ЭӨЗ-ны техникалық пайдалануды және уақтылы жөндеуді ұйымдастыру;

жабдықталым аудандық пайдалану бөліміне зертхананың жұмыс істеуі және жөндеу үшін қажетті материалдарға, аспаптарға, құрал-саймандар мен басқа да мүлікке өтінімдерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету;

ЭӨЗ жұмыскерлерінің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру; аспаптарды метрологиялық қызметке тексеруге беруді бақылау; кадрларды іріктеуді және орналастыруды қамтамасыз ету.

Орындаушы - зертхана бастығы;

2) жұмыстың мәні:

ЭӨЗ-ның үздіксіз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету;

сынаулар басталғанға дейін сынаулар жүргізу тәртібін, анықталған кемшіліктерді және сынаулар хаттамасын беруді тиісті электр желілері ауданының бастығымен немесе әскери бөлімдердің электр шаруашылығына жауапты адаммен келісу;

бағынысты персоналдың біліктілігін арттыру үшін техникалық оқытуды жүргізу, жұмыс жоспарын жасау;

жабдықталым аудандық пайдалану бөлімдеріне зертхананың жұмыс істеуі және жөндеу үшін қажетті материалдарға, аспаптарға, құрал-саймандар мен пәтер-пайдалану қызметінің мүлкіне өтінімдерді уақтылы беруді қамтамасыз ету.

Орындаушы - инженер;

3) жұмыстың мәні:

кернеуі 220 кВ дейін электр жабдығына күрделі емес сынауларды орындау; жоғары кернеумен сынау, оқшаулау кедергісін өлшеу, жабық және ашық тарату құрылғыларын жерге түйістіру контурларының кедергісін өлшеу; түйіспелердің ауыспалы кедергісін өлшеу; кабель және әуе желілерінің зақымданған жерлерін айқындау; өлшеу штангілерінің көмегімен ақаулы оқшаулағыштарды анықтау; алып жүрілетін аспаптармен кернеу мен жүктемені өлшеу; қорғау құралдары мен айла-бұйымдарды электрлік сынау, сынаулар мен өлшеулер кезінде қолданылатын аппаратураны жөндеу; тарату желілерінде сынаулар жүргізу үшін жұмыс орындарын дайындау; құжаттамада сынау және өлшеу нәтижелерін ресімдеу.

Орындаушы - сынаулар мен өлшемдер жөніндегі электрмонтер.

31. "Су құбыры-кәріз шаруашылығын ұйымдастыру және қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 13-косымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

есептеу техникасы, коммуникациялар және байланыс құралдарын пайдалана отырып, жобалау, құрылыш, ақпараттық қызмет көрсету, өндірісті, еңбек пен басқаруды ұйымдастыру, метрологиялық қамтамасыз ету, техникалық бақылау жөніндегі ғылыми-техникалық қызмет саласындағы жұмысты орындау;

әдістемелік және басқа да құжаттарды, техникалық құжаттаманы, сондай-ақ әзірленген жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды және су құбыры-кәріз шаруашылығына қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу.

Орындаушы - инженер;

2) жұмыстың мәні:

зертханалық жағдайларда және объектілерде жабдық пен жүйелерді дұрыстауды, теңшеуді, реттеуді және тәжірибелік тексеруді жүзеге асыру, оның ақаусызы жай-күйін қадағалау;

эксперименттер мен сынауларды жүргізуге қатысу, аспаптарды іске қосу, қажетті сипаттамалар мен параметрлерді тіркеу және алынған нәтижелерге өндіреу жүргізу.

Орындаушы - техник;

3) жұмыстың мәні:

сорғы станциялары жұмыс режимінің сақталуын бақылау;

материалдардың үнемді жұмсалуын, құрал-саймандар мен жабдықтың сақталуын қамтамасыз ету;

үй-жайда өртке қарсы сорғы құралдарының, медициналық және техникалық дәрі қобдишаның бар болуын қамтамасыз ету;

су және электр энергиясының үнемді жұмсалуын бақылау;

су құбыры-кәріз шаруашылығының инженерлік желілерін және коммуналдық объектілерін көктемгі және күзгі қарап тексеруге қатысу;

жұмыскерлер өтінімдері негізінде жабдыққа және шаруашылықтың инженерлік желілеріне жөндеу жүргізу, оларды ауыстыру қажеттілігі туралы басшылыққа баяндау;

орындалған жөндеу, регламентtelген жұмыстарды және жабдықтарды орнату жөніндегі жұмыстарды қабылдау;

жұмыскерлердің жұмыс орындарына шығуын бақылау және белгілеу.

Орындаушы - шебер.

32. "Су құбырлары сорғы станцияларының жабдығына техникалық қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 14-косымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

сорғы қондырғыларына қызмет көрсету;

қозғалтқыштар мен сорғыларды іске қосу, жұмыс режимін реттеу және тоқтату;

қызмет көрсетілетін участкедегі сорғылардың, жетекті қозғалтқыштардың, арматура мен құбыр жолдардың үздіксіз жұмысын, сондай-ақ ағынды судың қысымын қадағалау ;

сорғыларды, су айдау құрылғыларын, бақылау аспаптарын, автоматика мен сақтандырғыш құрылғыларды қарап тексеру және реттеу;

сорғы қондырғылары жабдығының жұмысындағы ақаулықтарды анықтау және оларды жою;

қондырғылардың жұмысы туралы журналда жазба жүргізу;

сорғы жабдығын жөндеуді орындау.

Орындаушы - сорғы қондырғысының машинисі.

33. "Кәріз сорғы станцияларының жабдығына техникалық қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 15-косымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

сорғы агрегатын іске қосу, жұмыс режимін реттеу және тоқтату;

құбыр жолдардағы қысымды, резервуарлардағы сұйықтық деңгейін бақылау;

сорғы қондырғысының жұмысындағы ұсақ ақаулықтарды жою;

мойын тіректерді майлау, тығыздаманы толтыру;

жабдықты профилактикалық қарап тексеру;

жабдықты ағымдағы жөндеуге қатысу;

екі және одан да көп сорғыны пайдалану;

жабдық пен бақылау-өлшегіш аспаптардың жұмысын есепке алу журналын жүргізу;

жабдықты және жұмыс орнын тазалықта ұстай.

Орындаушы - сорғы қондырғыларының машинисі;

2) жұмыстың мәні:

су құбыры мен көріз желілерін, су жинау және оның арматураларын (бұрандалар, тиектер, гидранттар), аспаптарды, жабдықты, резервуарларды, су жинау колонкаларын техникалық қарап тексеру, тазалау және жуу;

уақтылы анықталған ақауларды жою;

су құбырының, көріздің негізгі және қосалқы жабдығына жөндеу жүргізу және гидроагрегаттың механикалық жабдығы мен барлық қосалқы жабдықтың авариясыз жұмысын қамтамасыз ету.

Орындаушы - слесарь-жөндеуші;

3) жұмыстың мәні:

су құбыры-көріз, санитариялық-техникалық жабдықты, арматураларды, баспалдақтарды профилактикалық және авариялық жөндеу кезінде электрмен дәнекерлеу, газбен дәнекерлеу жұмыстарын орындау;

әртүрлі болаттан, шойыннан, түсті металдар мен қорытпалардан тораптарды, конструкциялар мен құбыр жолдарды қолмен электрмен және газбен дәнекерлеу.

Орындаушы - электр-газбен дәнекерлеуші.

34. "Айдау станцияларының сорғы қондырғыларын пайдалану" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 16-қосымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

агрегаттарды іске қосу және тоқтату;

қондырғының механикалық және электрлік бөлігін майлау, техникалық қызмет көрсету;

сорғы қондырғысының берілген жұмыс режимін ұстау;

жабдықтың жұмысындағы ақаулықтарды анықтау және жою, ағымдағы жөндеуге қатысу;

жабдықты және жұмыс орнын тазалықта ұстау.

Орындаушы - сорғы қондырғысының машинисі.

35. "Артезиан ұнғымаларының сорғы қондырғыларын пайдалану" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 17-қосымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

ұнғыма сорғысының берілген жұмыс режимін жүргізу және реттеу;

сорғыны іске қосу, режимін реттеу және тоқтату, бақылау-өлшегіш аспаптардың жұмысы мен көрсеткіштерін бақылау;

жабдықты қарап тексеру, тазалау, майлау және ұсақ жөндеу;

резервуардағы су деңгейін бақылау;

сорғы агрегатының жұмысы мен бақылау-өлшегіш аспаптардың көрсеткіштері туралы есепке алумен есептілігі журналын жүргізу;

ұнғыма сорғысын бөлшектеу жөніндегі жұмыстарға қатысу;

жабдықты және жұмыс орнын тазалықта ұстau.

Орындаушы - сорғы қондырғыларының машинисi.

36. "Тазарту су құбыры станцияларын ұйымдастыру және қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 18-көсімшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

станцияның өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыру;

өндірістік тапсырмаларды орындауды, жоғары сапалы өнімді қалыпты шығаруды, негізгі және айналымдағы қаражатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

өндірісті ұйымдастыруды, оның технологиясын жетілдіру, өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру, ақаулықтың алдын алу және бұйым сапасын арттыру, ресурстардың барлық түрлерін ұнемдеу, еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын енгізу, жұмыс орындарын аттестаттау және оңтайлануды, еңбек өнімділігін арттыру резервтерін пайдалану және өндіріс шығындарын төмендету жөнінде жұмыстар жүргізу.

Орындаушы - тазарту станциясының бастығы;

2) жұмыстың мәні:

сүк суды тұтыну және сарқынды суларды ағызу көлеміне бақылау жүргізу;

құрылыштардың техникалық пайдаланылуын бақылау;

коммуналдық құрылыштар бойынша жүргізілетін жөндеу-құрылыш жұмыстарына бақылауды жүзеге асыру;

коммуналдық қызметтерді іске қосуға техникалық шарттарды дайындау.

Орындаушы - инженер;

3) жұмыстың мәні:

сорғы станцияларының режимін сақтау;

материалдардың үнемді жұмсалуын, құрал-саймандар мен жабдықтың сакталуын, үй-жайда өртке қарсы сорғы құралдарының бар болуын қамтамасыз ету;

техникалық пайдалану, қауіпсіздік техникасы қағидаларын, өртке қарсы іс-шараларды сақтауды бақылау.

Орындаушы - шебер;

4) жұмыстың мәні:

су құбырының, кәріздің негізгі және қосалқы жабдығына жөндеу жүргізу және гидроагрегат механикалық жабдығының және толтыру және босату жүйелері бар төменгі, шлюзді шахталардың барлық қосалқы жабдығының авариясыз жұмысын қамтамасыз ету;

бекітілген жабдықты майлау, тазалау және оның жұмысындағы ұсақ ақаулықтарды жою.

Орындаушы - слесарь-жөндеуші;

5) жұмыстың мәні:

хлораторлы, аммиакты, фтораторлы ерітінділер жасау бойынша қондырғыларға және күкіртті газ қондырғыларына қызмет көрсету;

хлорды, аммиакты, күкіртті газды, фторды белгіленген мөлшерде ұстau;

хлордың, аммиактың, күкіртті газдың, фтордың тұрақты шығысын бақылау, оларды аппараттар бойынша бөлу, аппараттарды қайта қосу;

жабдықтың, механизмдердің жұмысын бақылау;

баллондардышағын ағымдағы жөндеу;

белгіленген тәртіппен баллондарды сақтау, хлораторлы үй-жайды тұрақты температураны ұстau;

баллондарды ауыстыру, жабдық пен қондырғыларды ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмысқа қатысу;

авариялық жағдайларда баллондардан, бөшкелерден және аппаратурадан газдың шығуын болдырмау.

Орындаушы - хлоратор қондырғысының операторы;

**6) жұмыстың мәні:**

бекітілген әдістемелер бойынша әртүрлі химиялық-бактериологиялық су талдауларын жүргізу;

барлық сатыларда суды өндеу режимін уақтылы бақылау, көміртекті май заттарының, тұздардың және сол сияқтылардың қышқылдығын, құрамының тығыздығын, капиллярлығын, хлорлы, күкірт қышқылды және кальций тұздарының болуын, май және балауыз тәрізді заттардың және сол сияқтылардың құрамын айқындау;

бақылау-есепке алу жазбаларын жүргізу.

Орындаушы - химиялық-бактериологиялық талдау зертханашысы.

37. "Су көзін өндеу" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі (осы функция су құбыры тазарту станциялары болмаған кезде көзделеді) осы Еңбек нормаларына 19-қосымшада келтірілген.

**1) жұмыстың мәні:**

сұзгілерге қызмет көрсету;

толтыру материалдарын шаю және сұрыптау;

торларды, тазалау құрылыштарының, арналардың, камералардың, құдықтардың бетін тазалау, тазаланған заттарды алып тастау;

су құбыры тазарту құрылыштарын шаю және тазалау сапасын қадағалау;

сұзгілерді, түйіспелі жарықтандырғыштарды технологиялық шаю;

тазалау құрылыштарының технологиялық және қосалқы жабдығының жұмысын қадағалау, берілген режимнен ауытқуын анықтау;

құрылыштарды технологиялық және санитариялық өндеу, профилактикалық және авариялық жөндеу сапасын бақылау.

Орындаушы - сұзгілердегі оператор;

**2) жұмыстың мәні:**

хлораторлы, аммиакты, фтораторлы ерітінділер жасау жөніндегі қондырғыларға және күкіртті газ қондырғыларына қызмет көрсету;

хлорды, аммиакты, күкіртті газды, фторды белгіленген мөлшерде ұстau;

хлордың, аммиактың, күкіртті газдың, фтордың тұрақты шығысын бақылау, оларды аппараттар бойынша бөлу, аппараттарды қайта қосу;

жабдықтың, механизмдердің жұмысын қадағалау;

баллондарды шағын ағымдағы жөндеу;

баллондарды белгіленген тәртіппен сақтау, хлораторлы үй-жайда тұрақты температураны ұстau;

баллондарды ауыстыру, жабдық пен қондырғыларды ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмысқа қатысу;

авариялық жағдайларда баллондардан, бөшкелерден және аппаратурадан газдың шығуын болдырмау.

Орындаушы - хлоратор қондырғысының операторы;

**3) жұмыстың мәні:**

реагенттердің бірнеше түрлерін дайындау жөніндегі қондырғыларға қызмет көрсету ;

реагенттердің жұмыс ерітінділерін дайындау;

реагент ерітіндісін жұмыс бактарына айдау және оларды мөлшерлегіш құрылғыларға жіберу;

мөлшерлегіш құрылғылардың жұмысын реттеу және автоматты мөлшерлеу жүйелеріне қызмет көрсету;

механикалық араластыргыштарға қызмет көрсету;

шығылдарды, сорғыларды, компрессорлар мен басқа да реагент шаруашылығы механизмдерін пайдалану.

Орындаушы - ұйытушы;

**4) жұмыстың мәні:**

компрессорларға қызмет көрсету;

компрессорлардың барынша тиімді жұмыс режимін белгілеу және ұстau;

компрессорлар қозғалтқыштарының, аспаптардың, қосалқы механизмдер мен басқа да жабдықтың ақаусыздығын қадағалау;

компрессорларды жөндеуді орындау;

жабдықты жөндеуге ақаулық ведомостарын жасау;

қызмет көрсетілетін компрессорлардың жұмысы туралы есептік-техникалық құжаттаманы жүргізу.

Орындаушы - компрессорлық қондырғылар машинисі.

38. "Тазарту көріз станцияларын ұйымдастыру және қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 20-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

станцияның өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыру;

өндірістік тапсырмаларды орындауды, жоғары сапалы өнімді қалыпты шыгаруды, негізгі және айналымдағы құралдарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

өндірісті, оның технологиясын ұйымдастыруды жетілдіру, өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру, ақаулардың алдын алу және бұйымдардың сапасын арттыру, ресурстардың барлық түрлерін үнемдеу, еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын енгізу, жұмыс орындарын аттестаттау және оңтайлануды, еңбек өнімділігін арттыру резервтерін пайдалану және өндіріс шығындарын төмендету жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

Орындаушы - тазарту станциясының бастығы;

2) жұмыстың мәні:

сорғы станцияларының режимін сақтау;

материалдардың үнемді жұмсалуын, құрал-саймандар мен жабдықтың сақталуын, үй-жайда өртке қарсы сорғы құралдарының бар болуын қамтамасыз ету;

техникалық пайдалану, қауіпсіздік техникасы қағидаларының, өртке қарсы іс-шаралардың сақталуын бақылау.

Орындаушы - шебер;

3) жұмыстың мәні:

бекітілген әдістемелер бойынша суға, азық-түлік өнімдеріне, шикізатқа, жартылай фабрикаттарға және дайын бұйымдарға әртүрлі химиялық-бактериологиялық талдаулар жүргізу;

барлық сатыларда суды өндеу режимін уақтылы бақылау;

көміртекті майзаттарының, тұздардың және сол сияқтылардың қышқылдығын, құрамының тығыздығын, капиллярлығын, хлорлы, күкірт қышқылды және кальций тұздарының бар болуын, май және балауыз тәрізді заттардың және сол сияқтылардың құрамын айқындау;

бақылау-есепке алу жазбаларын жүргізу.

Орындаушы - химиялық-бактериологиялық талдау зертханашысы;

4) жұмыстың мәні:

су құбырының, кәріздің негізгі және қосалқы жабдығына жөндеу жүргізу және гидроагрегаттың механикалық жабдығының және толтыру және босату жүйелері бар төменгі, шлюзді шахталардың барлық қосалқы жабдығының авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

бекітілген жабдықты майлау, тазарту және оның жұмысындағы ұсақ ақаулықтарды жою.

Орындаушы - слесарь-жөндеуші;

5) жұмыстың мәні:

метантенктер құрылыштары кешенінің агрегаттары мен механизмдеріне (мөлшерлеу камераларына, ашыған шөгіндінің айдайтын сорғыларға, газ тарату құрылғыларына, механикалық араластырғыштарға, гидроэлеваторларға, газгольдерлерге және басқаларға) қызмет көрсету;

жана шөккен шөгіндіні және қою тұнбаны түсіру;

түсірілетін ашыған шөгіндінің мөлшерін есепке алу;

метантенктердегі шөгіндінің деңгейін және температуралың қадағалау;

әрбір метантенкке шөгіндінің бірдей түсін қамтамасыз ету;

араластырғыш қондырғылардың (әжекторлардың, гидроэлеваторлардың) жұмысын бақылау, ал оның мөлшерін ескере отырып, шөгіндіні араластыру процесінде газдың кедергісіз шығуын бақылау;

метантенктер, жабдық жұмысын есепке алу журналын жүргізу және бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін жазу.

Орындаушы - метантенктердегі оператор;

6) жұмыстың мәні:

биосұзгі секцияларына қызмет көрсету және судың олардың бетіне бірдей таралуын қадағалау;

спринклерлі және реактивті ылғалдандыруды тарату құрылғыларын тазарту;

мөлшерлеу құрылғыларын теңшеумен зарядтау және сұзгілерді зарядтау кезеңдерін кезектестіру;

сұзгіге ауаның берілуін тексеру;

сұзгі бетіндегі қалқыған заттарды қажеттілігіне қарай жою, қырышық тастың, доменді қождың сұзу қабатын бекіту;

биосұзгі жұмысын есепке алу журналын жүргізу.

Орындаушы - биосұзгідегі оператор;

7) жұмыстың мәні:

аэротенктерге қызмет көрсету;

аэротенктер бойымен ағынды сұйықтықты және белсенді тұнбаны біркелкі тарату; аэротенктердің берілген жұмыс режимін сақтау;

аяу жіберу жүйесінбасқару;

құрылыштардың, агрегаттардың, механизмдердің авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

аэротенктердің жұмыс істеуін бақылау-өлшеу аспаптары бойынша қадағалау;

құрылыштар мен механизмдердің жұмысын есепке алу журналын жүргізу;

құрылыштарды профилактикалық қарап тексеру.

Орындаушы - аэротенктердегі оператор;

8) жұмыстың мәні:

хлораторлы, аммиакты, фтораторлы ерітінділерді дайындау жөніндегі қондырғыларға және күкіртті газ қондырғыларына қызмет көрсету;

хлорды, аммиакты, күкіртті газды, фторды белгіленген мөлшерде ұстau;

хлордың, аммиактың, күкіртті газдың, фтордың тұрақты шығысын бақылау, оларды аппараттар бойынша бөлу, аппараттарды қайта қосу;

жабдықтың, механизмдердің жұмысын қадағалау;

баллондарды шағын ағымдағы жөндеу;

баллондарды белгіленген тәртіппен сақтау, хлораторлық үй-жайда тұрақты температураны ұстau;

баллондарды ауыстыру, жабдықпен қондырғыларды ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстарға қатысу;

авариялық жағдайларда баллондардан, бөшкелерден және аппаратурадан газдың шығуын болдырмау.

Орындаушы - хлоратор қондырғысының операторы;

9) жұмыстың мәні:

торларды жинақталған қалдықтардан тазалау;

механикалық тырмаларға қызмет көрсету, тырмалардан қалып қойған қалдықтарды жою;

қалқан тиектеріне, уатқыштарға, желдету құрылғыларына және басқа да механизмдерге қызмет көрсету;

барлық қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмыс режимін қадағалау және реттеу, оның авариясыз және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

уатқышқа қалдықтарды тасымалдау және оларды уату, оның іsten шығуына әкеп соқтыратын қатты заттарды жою;

жылдың жылы маусымында шығарылуға тиіс қалдықтарды хлорлы әкпен өндөу.

Орындаушы - тор операторы;

10) жұмыстың мәні:

тұнба аландарын немесе тұнба тоғандарын аралап тексеру;

шөгіндінің тұнба алаңы каскадтары бойымен біркелкі таралуын қадағалау және сұзгілеу қабатын түсіруді реттеу;

жеткізу арналарын, сорғытқыларды, жерасты тарату арналарын тұнбадан тазарту және жазғы уақытта алаңның жерасты біліктеріндегі арамшөпті тазарту;

камералардың, астаулардың, құбырлардың, шиберлердің жай-күйін қадағалау және оларды уақтылы шаю, тазалау.

Орындаушы - тұнба аландарындағы оператор;

11) жұмыстың мәні:

полигонға қатты тұрмыстық қалдықтарды жеткіzetін көлікті жіберу және есепке алу

;

қатты тұрмыстық қалдықтардың нақты жай-күйін және бар болуын ілеспе құжаттардағы деректермен салыстырып тексеру;

қатты тұрмыстық қалдықтарды түсіру орындарын көрсету және түсірілуін қадағалау;

репер көмегімен қатты тұрмыстық қалдықтардың төгілетін қабаты берілген биіктігінің сақталуын және тығыздалу дәрежесін бақылау;

ванналарды заарсыздандыру ерітіндісімен толтыру;

жылжымалы тор қоршаулардың орнын ауыстыру және тазалау;

репер орнату.

Орындаушы - елді мекендерді жайластыру жөніндегі жұмышы.

39. "Су құбырының және кәріздің сыртқы желілері мен жүйелеріне қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 21-көсімшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

магистральды су құбырларын, коллекторларды және бекітпе кәріз, су құбыр жолдарын, көше, аула желілері мен тексеру құдықтарын аралап тексеру;

құрылыстарды, эстакадаларды, көпірлерді, вантуздары бар вантузды құдықтарды, арнайы құдықтардағы авариялық ысырмаларды қарап тексеру;

оған барлық анықталған кемшіліктерді белгілей отырып, құрылыстарды аралап тексеру журналын жүргізу;

арнайы бригадаларды шақыртуды талап етпейтін желідегі ақаулықтарды жою.

Орындаушы - су құбыры-кәріз желісін аралап тексеруші;

2) жұмыстың мәні:

кәріз желілерін, коллекторларды және дюкерлерді тазалау;

желідегі және су құбырларындағы аварияларды және ақауларды жою;

курделі жерасты жұмыстарын жүргізу;

желі мен коллекторлардың кездейсоқ қоқыстануын жою;

желі мен коллекторлардағы авариялар мен ақауларды жою;

ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау;

қазан мойындықтарын, құдықтарды жөндеу, люктер мен қақпақтарды ауыстыру, жылжымалы тоғындар мен сатыларды орнату, астауларды жөндеу және ұсақ слесарлық жұмыстарды орындау;

су құбырлары желілерін жөндеу, келте құбырларға қорғасын және әртүрлі алмастырыштар құю, тығындау жөніндегі жұмыстарды орындау;

желілер мен магистральдардағы ақаулықтардың сипатын айқындау;

құбыржолдардың жекелеген участеклерін ажырату;

құбыржолдарды шаю;

құбыр желілері мен магистральдардағы ысырмалардың жұмысын реттеу;

механикалық жетектерді орнату, реттеу және жөндеу;

манометр бойынша қысым көрсеткіштерін алу.

Орындаушы - авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары.

40. "Су құбыры және көріз жүйесінің ішкі желілеріне қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 22-қосымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

су құбырының, көріздің негізгі және қосалқы жабдығына жөндеу жүргізу және гидроагрегаттың механикалық жабдығы мен толтыру және босату жүйелері бар тәменгі, шлюзді шахталардың барлық қосалқы жабдығының авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

бекітіліп берілген жабдықты майлау, тазалау және оның жұмысындағы ұсақ ақаулықтарды жою.

Орындаушы-слесарь-жөндеуші.

41. "Жылу шаруашылығын ұйымдастыру және қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 23-қосымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

отын жөніндегі есеп беру құжаттамасын жүргізу және жабдықтың шығыс материалдарын есептен шығаруға актілерді уақтылы ұсыну;

қазандардың қақтан, күйеден және құрымнан уақтылы тазартылуын, кезекші ауысымдардың жұмысын, персоналдың қауіпсіздік техникасы қағидаларын және қазандық жабдығын техникалық пайдалану қағидаларын білуін бақылау;

шығыс материалдарының, құрал-саймандардың дұрыс пайдаланылуын бақылау және жұмыскерлерден оларға ұқыпты және үнемді қарауды талап ету;

нұсқау беруді өткізу журналын жүргізу;

қазандық қондырғыларының жабдығын күрделі жөндеуге жұмыстар тізбесі мен көлемін уақтылы жасау және басшылықта ұсыну;

күрделі жөндеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қажетті шаралар қабылдау, жөндеу сапасын бақылау және белгіленген мерзімдерде оны орындау.

Орындаушы - шебер.

42. "Жиынтық жылу өнімділігі 3,5 Гкал/сағ дейін жұмыс қысымы 0,7 кгс/см<sup>2</sup> артық бу қазандарымен жабдықталған әскери қалашықтардың қазандықтарына, сондай-ақ әртүрлі қысымдағы бу қазандары бар және судың температурасы 115 градусқа дейін және жиынтық жылу өнімділігі 4,0 Гкал/сағ дейін су жылытатын қазандары бар қазандықтарға қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларының 43 және 44-тармақтарына сәйкес айқындалады.

43. "Газ тәрізді, сүйық отынмен немесе электр жылуымен жұмыс істейтін қазандарға қызмет көрсету" кішіфункциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 24-қосымшада келтірілген.

**1) жұмыстың мәні:**

газ тәрізді, сұйық отынмен немесе электр жылуымен жұмыс істейтін су жылдыту және бу қазандарына қызмет көрсету;

қазандық агрегатының, газ және қазандық жабдығының сенімді жұмыс істеуін, сондай-ақ отынның қауіпсіз және үнемді жағылуын сақтау кезінде будың немесе ыстық судың қажетті мөлшерінің бөлінуін қамтамасыз ету;

қазандарды жағу, іске қосу және тоқтату және оларды сумен толтыру;

қазан арматурасы мен аспаптарын тазалау;

экономайзерлердің, ауажылытқыштардың, қоректендіру сорғыларының, форсункалардың бу қыздырғыштарының жұмыс істеуін реттеу және қадағалау;

негізгі агрегаттарға қызмет көрсету аймағында орналасқан жылужелілік бойлер қондырғыларына немесе сығылған бу станцияларына қызмет көрсету.

Орындаушы - қазандық операторы;

**2) жұмыстың мәні:**

сүкұбыры мен көріз жүйелерінің тазалау құрылыштарына қызмет көрсету;

судағы коагуляцияның қалқып жүрген бөлшектерін жою, сода-әкпенсуды жұмсарту

;

барлық су дайындау жүйесінің ақаусыз жұмысын, аппараттардың уақтылы тазартылуын және шайылуын және барлық механизмдер бөлшектерінің майлануын қамтамасыз ету;

өндірістік журналда химиялық суды тазарту процесінің көрсеткіштеріне жазбалар жүргізу;

қондырғы камераларында сынапты-кварцты шамның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

регламентте көзделген технологиялық режим параметрлерін бақылауды жүзеге асыру;

қысым температурасы, су беру жылдамдығы, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері және химиялық талдау нәтижелері бойынша регенерацияланатын ерітінділердің концентрациясы.

Орындаушы - химиялық су тазарту аппаратшысы;

**3) жұмыстың мәні:**

жерасты және жерүсті жылу желілерінің трассаларын аралап тексеру;

жерасты құбыржолдарын сыртқы және жерасты сумен басудан сақтау;

ілеспе дренаждардың, дренажды құдықтардың, қоқыс шайғыштардың және тұндырғыштардың жай-күйін тексеру және тазарту, камералар мен құдықтардан суды сорғызу;

бекітпе және реттегіш арматураны, төмен түсірілетін және ауа крандарын, тіректерді, металлоконструкцияларды, сальникті компенсаторларды және басқа

дажабдықты және жылу желілерінің құрылыштарын қарап тексеру, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу.

Орындаушы - жылу желілеріне қызмет көрсету жөніндегі слесарь.

44. "Қатты отынмен жұмыс істейтін қазандарға қызмет көрсету" кішіфункциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 25-көсімшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

қатты отынмен жұмыс істейтін су жылыту және бу қазандарына қызмет көрсету;

қазандарды жағу, іске қосу, тоқтату және оларды сумен толтыру;

отынды ұсактау, қазан пешіне салу және көсеу;

отынның жануын реттеу;

бақылау-өлшеу аспаптары бойынша қазандағы судың деңгейін, бу қысымын және жылыту жүйесіне берілетін судың температурасын қадағалау;

тартқыш және күл-қождарды алатын құрылғыларды, стокерді, экономайзерлерді, ауажылыштарды, буқыздырғыштарды және қоректендіру сорғыларын іске қосу, тоқтату, реттеу және жұмыс істеуін қадағалау;

негізгі агрегаттарға қызмет көрсету аймағында орналасқан жылу желілік бойлер қондырғыларына немесе сығылған бу станцияларына қызмет көрсету;

пештерден және бу және су жылыту қазандарының бункерлерінен қож бен күлді қолмен және механикаландырылған тәсілмен алу;

кул мен қожды қолмен немесе механизмдердің көмегімен белгіленген жерге оларды тасымалдау мен арбаларға, вагоншаларға немесе вагондарға тиесінен алу;

арнайы аппараттармен қож бен күлді жуу;

жөндеуден кейін қазандар мен қосалқы механизмдерді қабылдау және оларды жұмысқа дайындау.

Орындаушы - қазандық машинисі (от жағушы);

2) жұмыстың мәні:

тораптар мен механизмдерді бөлшектеу, жөндеу, жинау және сынау;

құрделі жабдықты, агрегаттарды және машиналарды жөндеу, монтаждау, бөлшектеу, сынау, реттеу, теңшеу және жөндеуден кейін тапсыру;

7-10 квалитет бойынша бөлшектер мен тораптарды слесарлық өндіреу;

жөндеу мен монтаждау үшін курделі айла-бұйымдарды дайындау;

жөндеуге ақаулықтар ведомосын жасау;

көтергіш-көлік механизмдері мен арнайы айла-бұйымдарды қолданумен такелаждық жұмыстарды орындау.

Орындаушы - слесарь-жөндеуші;

3) жұмыстың мәні:

су құбыры мен көріз жүйелерінің тазарту құрылыштарына қызмет көрсету;

судағы коагуляцияның қалқып жүрген бөлшектерін жою, сода-әкпен суды жұмсарту;

барлық су дайындау жүйесінің ақаусыз жұмысын, аппараттардың уақтылы тазартылуын және шайылуын және барлық механизмдер бөлшектерінің майлануын қамтамасыз ету;

өндірістік журналда химиялық суды тазарту процесінің көрсеткіштеріне жазбалар жүргізу;

қондырғы камераларында синапты-кварцты шамның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

регламентте көзделген технологиялық режим параметрлерін: қысым температурасын, су беру жылдамдығын, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері және химиялық талдау нәтижелері бойынша регенерацияланатын ерітінділердің концентрациясын бақылауды жүзеге асыру.

Орындаушы - химиялық суды тазарту аппаратшысы.

45. "Жиынтық өнімділігі 3,5 Гкал/сағ және одан жоғары жұмыс қысымы 0,7 кгс/см<sup>2</sup> артық бу қазандарымен немесесудың температурасы 115 градустан жоғары су жылтытатын қазандарымен жабдықталған қазандықтарға қызмет көрсету және жөндеу" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 26-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

қазандықтың өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылық жасау;

жылу желілерінде жабдықтауды бақылау;

жабдықтауды, мүкеммалға техникалық қызмет көрсетуді уақтылы орындауды, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуді және материалдардың, қосалқы бөлшектер мен отынның үнемді жұмсалуын бақылау;

пайдалану және жөндеу жүргізу мұқтаждары үшін құрал-саймандарға, қосалқы бөлшектерге, материалдар мен бақылау-өлшеу аспаптарына отінімдерді ұдайы және уақтылы жасау және ұсыну.

Орындаушы - қазандық бастығы;

2) жұмыстың мәні:

қазандық агрегаттарының және барлық қосалқы жабдықтың үздіксіз және үнемді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

электр энергиясының, отынның, майлау және басқа да қосалқы материалдардың үнемді жұмсалуын бақылау;

қазандық қондырғысында механизмдер мен жүйелердің дұрыс қосылуын және қайта қосылуын, уақтылы үрлеп шығаруды, үрlep өндеуді және су көрсеткіш аспаптары мен басқа да бақылау-өлшеу аспаптарының жұмыс істеуін бақылау.

Орындаушы - инженер (қазандық);

3) жұмыстың мәні:

барлық қазандық жабдығының үнемді және авариясыз жұмыс істеуін, қазандықта пайдаланылатын барлық манометрлерді уақтылы тексеруді, сумен, электр энергиясымен, отынмен, майлау материалдарымен, қосалқы бөліктермен және бөлшектермен қамтамасыз ету;

қазандықта және оған құйылатын суга талдау жүргізуді бақылау;

қазандық қондырғысы су режимінің белгіленген нормаларға сәйкес дұрыс сақталуын, су сынамаларын уақтылы алуды және талдау жүргізуді бақылау.

Орындаушы - шебер;

4) жұмыстың мәні:

бақылау-өлшеу автоматты және басқа да аспаптар мен механизмдерді жөндеу, жинау, реттеу, сынау, түзету, монтаждау, реттеу және тапсыру;

релелік қорғау, электроавтоматика, телемеханика құрылғыларын тәншеу және дұрыстау;

жылу автоматикасы құрылғыларын тексеру үшін схемаларды жинау;

әртүрлі дәнекермен дәнекерлеу;

оларды кейіннен жетілдіру мен бөлшектерді жылумен өндөу;

шәкілдерді, торларды сызу және күрделі эскиздерді жасау;

жылу және электрлік бақылау-өлшеу аспаптарының барлық түрлерін, автореттегіштер мен қоректендіру автоматтарын реттеу және тексеру.

Орындаушы - бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика жөніндегі слесарь;

5) жұмыстың мәні:

күрделі тораптар мен механизмдерді бөлшектеу, жөндеу, жинау және сынау;

күрделі жабдықты, агрегаттарды және машиналарды жөндеу, монтаждау, бөлшектеу, сынау, реттеу, дұрыстау және жөндеуден кейін тапсыру;

7-10 квалитет бойынша бөлшектер мен тораптарды слесарлық өндөу;

жөндеу мен монтаждауға арналған күрделі айла-бұйымдарды жасау;

жөндеуге ақаулықтар ведомосын жасау;

көтергіш-көлік механизмдері мен арнайы айла-бұйымдарды қолданумен, такелаждық жұмыстарды орындау.

Орындаушы - слесарь-жөндеуші;

6) жұмыстың мәні:

куш және жарық беру электрқондырғыларына қызмет көрсету;

оларды кернеуден толық ажырату мен трансформаторлы кіші электр станцияларының электржабдығын жөндеу және қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау;

трансформаторларды, ажыратқыштарды, айырғыштарды және конструктивтік элементтерді бөлшектеусіз оларға жетектерді тексерумен электр желілерінде жедел қайта қосуды орындау;

электрлі аспаптарды, электромагниттік, магниттік-электрлік және электродинамикалық жүйелерді бөлшектеу, жөндеу, жинау, дұрыстау және қызмет көрсету;

трансформаторларды, ауыстырып қосқыштарды, реостаттарды, басқару бекеттерін, магниттік іске қосқыштарды, түйіспелер мен басқа да аппаратураны жөндеу;

трансформаторлар орамдарының оқшаулау кедегісін, кабельдердің мегометрмен шығуы мен кіруін тексеру және өлшеу.

Орындаушы - электр жабдығын жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;

7) жұмыстың мәні:

бекітілген әдістемелер бойынша суға, азық-тұлік өнімдеріне, шикізатқа, жартылай фабрикаттарға және дайын өнімдерге әртүрлі химиялық-бактериологиялық талдаулар жүргізу;

барлық сатыларда суды өндіреү режимін уақтылы бақылау;

май көміртекті заттардың, тұздардың және сол сияқтылардың қышқылдығын құрамының тығыздығын, капиллярықты, хлорлы, күкірт қышқылды және кальций тұздарының болуын, май және балауыз тәрізді

заттардың және сол сияқтылардың құрамын айқындау;

бақылау-есепке алу жазбаларын жүргізу.

Орындаушы - химиялық-бактериологиялық талдау зертханашысы;

8) жұмыстың мәні:

су құбыры мен көріз жүйелерінің тазарту құрылыштарына қызмет көрсету;

судан коагуляцияның өлшенген бөлшектерін жою, сода-әк пен суды жұмсарту;

барлық су дайындау жүйесінің ақаусыз жұмысын, аппараттардың уақтылы тазартылуын және шайылуын және барлық механизмдер бөлшектерінің майлануын қамтамасыз ету;

өндірістік журналда химиялық сутазарту процесінің көрсеткіштеріне жазбалар жүргізу;

қондырғы камераларында синапты-кварцты шамның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

регламентте көзделген технологиялық режим параметрлерін: қысым температурасын, су беру жылдамдығын, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері және химиялық талдау нәтижелері бойынша регенерациялау ерітінділерінің концентрациясын бақылауды жүзеге асыру.

Орындаушы - химиялық су тазарту аппаратшысы;

9) жұмыстың мәні:

қатты және сұйық отын берудің барлық жабдығына қызмет көрсету және оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

отын беру жабдығының механизмдерін іске қосу, тоқтату және жылулық схемаларда орны бойынша және басқару қалқанынан сұйық отынды беруді қайта қосу; сұйық отынды айдаудың берілген қысымы мен температурасын ұстап тұру; отын беру механизмдерінің ақаулықтарын анықтау және оларға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысу; қызмет көрсетілетін механизмдерді тазарту және майлау; құрал-саймандар мен айла-бұйымдардың жынтығын ақаусыз жай-күйде ұстau; авариялық жағдайларды жоюға қатысу.

Орындаушы - отын беру машинисі.

46. "Қазандықтың өнімділігі 3,5 Гкал/сағ бастап және одан жоғары болған кезде қолмен жағылатын қатты отынмен жұмыс істейтін әртүрлі су температурасы бар су жылытатын қазандарға және әртүрлі қысымдағы бу қазандарына қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 27-қосымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

суды жылыту және бу қазандарына қызмет көрсету; қазандарды жағу, іске қосу, тоқтату және оларды сумен толтыру; отынды ұсақтау, қазан пешіне салу және көсеу; отынның жануын реттеу;

бақылау-өлшеу аспаптары бойынша қазандағы су, бу қысымы және жылыту жүйесіне берілетін судың температурасының деңгейін бақылау;

тартқыш және күлкождардыалатын құрылғыларды, стокерді, экономайзерлерді, ауажылытқыштарды, бу жылытқыштары мен қоректендіру сорғыларын іске қосу, тоқтату, реттеу және оның жұмыс істеуін бақылау;

бу және сұжылыту қазандарының бункерлерінен кожбен күлді пештерден және қолмен және механикаландырылған тәсілмен алу;

жөндеуден қазандар мен қосалқы механизмдерді қабылдау және оларды жұмысқа дайындау.

Орындаушы - қазандық машинисі (от жағушы).

47. "Фимараттарды орталық жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйесіне қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 28-қосымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

жылу трассасын құнделікті арауды және қарап тексеруді жүзеге асыру; құбырлардың, бекіткіш және реттеу арматурасының, бақылау-өлшеу аспаптарының жұмыс істеуін бақылау;

жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйесіндегі қысымды бақылау;

жұмыс кестесіне және қоршаған ортаның температурасына байланысты ыстық сумен жабдықтау және жылыту жүйесі жұмысының онтайлы режимін таңдау;

жылу желілерінің жоспардан тыс және жоспарлы-алдын алу жөндеулерді жүргізу;

құбырларға, бекіткіш және реттеу арматураға, бақылау-өлшеу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді үдайы, жұмыс ауысымы бойы жүргізу.

Орындаушы - слесарь-жөндеуші.

48. "Фимараттарды жылумен жабдықтау жүйесіне қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 29-қосымшада келтірілген.

Жұмыстың мәні:

жылу тасымалдағышы бар - бу немесе су, топтық және орталық жылу пункттерінің (бұдан әрі - ОЖП) үздіксіз және үнемді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

желілік су және бу қысымының берілген температурасын ұстау;

шайқау, арапастыру, конденсаттық және басқа да сорғылардың жұмысын бақылау;

жылу пунктінің схемасына қайта қосу бойынша операцияны орындау;

жабдықтың жұмысындағы ақаулықтарды анықтау және жою;

авариялық жағдайларды жою;

жедел құжаттаманы жүргізу;

жұмыс орнын жинау.

Орындаушы - жылу пунктінің операторы.

49. "Желдету мен ауа баптаудың механикалық, сору-сыртқа тарту жүйелерін ұйымдастыру және қызмет көрсету" функциясы бойынша жұмыскерлер санының нормативі осы Еңбек нормаларына 30-қосымшада келтірілген.

1) жұмыстың мәні:

аспаптардың және психрометриялық кестелердің көмегімен мекемелер үй-жайларында ауаның берілген температурасы мен ылғалдылығын ұстап отыру үшін желдету мен салқыннату жүйелерін реттеу;

желдеткіштерді, форсункаларды, калориферлер мен сорғыларды қарап тексеру, тазалау және жөндеуге қатысу, автоматты реттеу аспаптарының жай-күйін және жұмыс істеуін бақылау;

дұрыс жұмыс іstemейтін форсункаларды ауыстыру және психрометрлерді қайта зарядтау;

белгіленген уақытта психрометрлердің көрсеткіштерін жазу үшін журнал жүргізу.

Орындаушы - шебер;

2) жұмыстың мәні:

желдету және тозаң-газ режимі бойынша құжаттарды жасауды және жүргізуі қамтамасыз ету;

жабдықтарды жөндеу кестелерінің орындалуын бақылау;

газдан тазалау, желдету және шаң басу жобаларын әзірлеу;

желдету жабдығын есепке алу;

желдету жабдығының техникалық жай-күйін және жөндеу сапасын тексеру;

аяу қозғалысының жылдамдығы мен мөлшерін бақылап өлшеуді ұйымдастыру; жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, пайдалану және жөндеу, оны таттанудан корғау бойынша нормативтік құжаттарды өзірлеуді жүзеге асыру.

Орындаушы - жөндеу жөніндегі инженер;

3) жұмыстың мәні:

желдету және аяу баптау жүйелерінде жоспарлы жөндеу жұмыстарын орындау;

температураны өлшеу және жылу процестерін, қысым аспаптарының автоматты реттеу үшін аспаптарға барлық жөндеу түрлерін жүргізу;

температураны өлшеудің автоматтандырылған құралдарын және жаңа аспаптардың тәжірибелік үлгілерін өзірлеуді және енгізуді жүргізу;

жылу процестері мен қысым процестерін бақылау менреттеудің жаңа, жетілдірілген әдістерін енгізуді жүргізу;

